

3. Кан Г.В., Шаяхметов Н.У. Қазақстан тарихы. Оқулық.-Алматы: Алматы кітап, 2007. - 264 б.

### **Қыпшақ Бейбарыс сұлтанның тарихи тұлғасы және халықаралық саясаттағы рөлі**

Калиева Айгүл Танжарыковна

Ғылыми жетекшісі: тарих магистрі, аға оқытушы Смағұлов Н.Б.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Тарихи тұлға деп біз –тарихи уақыт пен кеңістіктегі орны айқындалған және саяси өмірі жолындағы айшықты рөлі нақтыланған қайраткерлерді айтамыз. Саясаты мен өмірінің ерекшелігі арқылы құлдықтан сұлтан дәрежесіне көтерілген Мысыр мен Сирияның даңқты билеушісі Бейбарыс сұлтан аса белгілі тарихи тұлға.

Бейбарыс Жамақұлы дәулеті Бахриден шыққан мамлюктердің Мысырды билеген төртінші сұлтан. Оның шыққан тегі – қыпшақ. Бірақ қай жердің қыпшағы дегенге келгенде әр түрлі деректер айтылып, бірі – Хорезм, Дербент қыпшақтарынан десе, екіншілері маңғыстаулық еді дегенді айтады. Соңғы зерттеулер Бейбарыстың қыпшақ тайпасының Беріш руынан шыққан атақты әулеттің тұқымы екені анықтауға мүмкіндік берді. Араб елдерінің «Мың бір түнмен» қатар қоятын халық романы – «Бейбарыста» оның әкесі Жамақ, шешесі Әйек деп, олардың нақты есімдерін атап көрсеткен. Бейбарыс өмір бойы қыпшақ тілінде сөйлеген, алдыңғы Азиядағы араб тілдес халықтармен тілмәш арқылы түсініскен. Бейбарыс Дамаскінің базарында 800 дирхемге құлдыққа сатылғаннан кейін жаңа қожайыны Айдакин Бундукдаридің атымен әл-Бундукдари деген есімге ие болды. Кейін Бейбарыстың ерекше қабілетін байқаған Айюби әулетінің сұлтаны Салих Нажумиддин оны өзінің жеке гвардиясының бір бөліміне сардар етіп алады. Сөйтіп ол енді жаңа әміршісінің атымен өзіне әл-Салихи деген есімді және қабылдайды [1, 150 б.].

1250 жылы 2 мамырда мамлюк Бейбарыс өзінің жақтастарын әскери төңкеріс жасауға көндіреді де сұлтан Тұран-шахтың сарайын басып алады. Мамлюктер таққа бала Камилді отырғызады. Ал елге билікті Камилдің шешесі мен оның күйеуі мамлюк түркмен Айбек жүргізеді. 1257 жылы сұлтанның әйелі күйеуін өлтіреді, сол үшін мамлюктер оны түрмеге отырғызады. Египеттің жаңа сұлтаны Муиззэддин Айбек Айюби әулетінің соңғы бастаған кезде, Бейбарыс бас сауғалап, Сирияға қашып кетеді. Содан мамлюктер Айбекті өлтіргеннен кейін ғана ол Каирға қайта оралады. Ол осында жүргенде крест жорығына қатысушыларға қарсы күресте Египет әскеріне қолбасшылық етеді. 1259 жылы мамлюк Құтыз сұлтан таққа отырады. Бейбарыс таққа жаңа отырған Мұзаффар Сайфуддин Құтұз сұлтанның әскеріне қолбасшы болып, Сирия жеріне ішкерлей кірген моңғолдарға қарсы күреске аттанады. 1260 жылы 26 шілдеде мамлюктердің әскері Мысырдан шығып, Синай шөлінен өтіп, Газа маңындағы монғолдардың аз адамдық тосқауыл әскерін жойып жібереді. 1260 жылдың 3-қыркүйегінде Айн-Жалут жанында монғол әскерлерімен кездеседі. Айн-Жалут түбіндегі шайқаста мамлюк қолы монғолдардың тас-талқанын шығарады, монғол әскерлерінің қолбасшысы Кетбұқа қолға түседі. Зерттеуші Л.Н. Гумилевтың жазуынша Кетбұқа өзін барынша асқақ, ержүректілікпен ұстай білді. Ол өзіне рақым сұраған жоқ. Жеңімпаз Құтызды сен заңды сұлтанды өлтірдің деп айыптады, бұл орайда мамлюктердің қылмыстық істеріне көшпелілердің адалдығын қарама-қарсы қойды. Деру сол арада Құтыздың бұйрығымен басы алынды[2, 225 б.], – дейді. Осы соғыста Бейбарыс ер жүректілігімен айрықша көзге түседі. Бірақ Құтұз, неге екені белгісіз, басқаларға сый-сияпат жасап, Бейбарысты елеусіз қалдырады. Осыған өкпелеген Бейбарыс өзіне ниеттес адамдармен келісіп, Каирға қайтар жолда Құтұзды өлтіреді. Жақтастары Бейбарысты Египеттің сұлтаны деп жариялайды[1].

Саясатта Бейбарыс сұлтан аса көреген саясат ұстанды. Мұсылман мемлекетінің тұғырын нықтап, өркендеуі үшін көп еңбек сіңірді. Бейбарыстың дәуірінде Мысыр гүлденген елге айналды. Ішкі саясатта ішкі көтерілістер мен бүліктерді басу арқылы елдің іргесін

мықтап бекітті. Заң саласында сұлтан Бейбарыс бұрын-соңды болмаған өзгеріс енгізді. Суннит жолын ұстанатын төрт мәзһаб қазыларынан төрт қазы тағайындады. Әл-Азһар мешітін қалпына келтіріп, түбегейлі өзгертіп, мешіт-медресеге, шартараптан шәкірттер ағылатын іргелі оқу ордасына айналдырды. Мысыр мен Димашықта көптеген медреселер салдырды. Соның ішінде Каирдегі «Заһири медресесінің» ғимараты жақсы сақталған. Медреселерде мол кітап қоры бар кітапханалар да жұмыс істеді.

Каир шаһарында Заһир Бейбарыс жамиі деп аталатын үлкен жұмалық мешіт салдырды. Осы мешіт орналасқан аумақ әлі күнге дейін аз-Заһирия деп аталады. Сонымен бірге Бейбарыс салдырған жәдігерлер әлі күнге дейін Каир қаласының сәнін келтіріп тұр. Сол ескерткіштерге қарап Бейбарыс дәуірінде ел мәдениетінің қаншалықты дамығанын көзге елестетуге болады. Сонымен бірге сұлтан Бейбарыс тұсында көптеген арықтар, каналдар қазылып, талай көпірлер, Ніл өзенінің суын есептейтін үлкен құрылғы салынды.

Мысырдан өзге Мәдинадағы Пайғамбардың (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мешітіне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Шамдағы Ибраһим (Оған Алланың сәлемі болсын) пайғамбардың мешіті жаңартылды. Иерусалимдегі әл-Ақса, Куббат Сахра мешіттері жөнделіп, жаңартылды. Түрлі мәселелер мен дау-дамайларды шешетін әділет үйін құрды [3]. Сөйтіп ол әд-Мәлік әз-Заһир Руки-әд-Дүние вә-д-Дин Бейбарыс әл-Бундукдари әл-Салихи деген есіммен Египеттің тағына отырады. Билік басына келісімен Бейбарыс бар күш-жігерін крест жорығына қарсы шабуылға жұмсайды. Негізгі шабуыл 1265 жылы басталып, крест тағушы франктердің қамалдары бірінен кейін бірі алынады. Бұдан кейін Кіші армения патшалығына (1267 ж.) Кіші Азия селжұқтарына қарсы жорықтар жасап, берберлерді бағындырады. Бейбарыс медреселер салуға көп күш жұмсайды, каналдар мен бөгеттерді жөндетеді. Каир қаласында ол салдырған мешіттердің бірі қазір де «Бейбарыс мешіті» деп аталады.

1261 жылы Бейбарыс сұлтан Хулагу әулетіне қарсы күресу мақсатымен Алтын Орда ханы Беркеге елші жібереді. Мысыр елшілері алып келген хаттың мазмұнында Бейбарыс сұлтан Алтын Орда ханы Беркемен бірлесіп Құлағуға қарсы соғыс ашуға дайын екендігі баяндалған. Берке ханда 1262 жылы өзінің елшілерін жіберіп, Бейбарыс сұлтанға ислам дінін қабылдаған татар әміршілерінің, олардың шыққан тегі мен руы қоса жазылған тізімі бар хатты жолдайды. Осы жолғы Беркенің елшілерімен бірге сұлтан Бейбарыс өзінің Күшірбек ат-Түрки бастаған өз елшілерін қосып жібереді. Ол туралы араб тарихшысы Рукн-ад-Дин былай деп жазды: «Сұлтан Бейбарыс Беркенің елшілерін зор қошемет-құрметпен қарсы алды. Қайтарында оған арнап Осман халифа жазған қасиетті Құран нұсқасын, түрлі-түсті кілемдер мен жайнамаздарды, Венеция матасы мен Ливант көйлегін, франк дулығасы мен алтын жалатылған сауытын басқа да толып жатқан есепсіз дүниелерді тарту етті», дейді [4, 5 б.].

Осыдан бастап Египет пен Алтын Орда арасында тұрақты дипломатиялық қатынас орнап, екі ел арасындағы одақтастық қашан Алтын Орда ыдырағанға дейін сақталады. Бейбарыс сұлтан мен Берке ханның әскери-саяси дипломатиялық одақтастығы Құлағу мен Крест жорықтарына жойқын тойтарыс беріп, Таяу Шығыс пен Еуразия кеңістігіндегі геосаяси жағдайға зор өзгеріс әкелді. Өйткені бұл байланыстың осыншалық ұзақ уақытқа ұласып, берік сақталуының негізінде египет елін билеген Бейбарыс сұлтанның бір кезде тағдырдың қатал кесімімен қол үзіп қалған туған жеріне, ата бабасының еліне жақындауды мақсат тұтқан арман тілегі жатқан еді. Бұл, сайып келгенде, Мысыр елін «Қыпшақ Египеті» атандырған мамлюк-қыпшақтардың ортақ мүддесі болатын. Сондықтан олар Бейбарыстан кейін де, қашан мамлюк қыпшақ әулетінен күш кеткенше «Алтын Орда» атанған қыпшақ елінен, өздерінің ата мекенінен қол үзбеуге ұмтылады. Қатал тағдыр тағы да олардың жолын кесті. Египетте мамлюк-қыпшақтар билік басынан қуылды, Қыпшақ даласында Алтын Орда ыдырап кетті. Кезінде жат елге құл болып сатылып барса да, тектілігін танытып, қажымас қайраттың, мұқалмас жігердің үлгісін көрсетіп, билік басына көтерілген мамлюк қыпшақтардың рухы тек арада жеті ғасыр өткенде ғана барып, Бейбарыс есімі арқылы ата мекеніне оралды. Қазір өзінің кіндік қаны тамған жерінде – Жайық өзенінің атырауында биік

тұғырға орныққан Бейбарыстың ескерткішке айналған алып тұлғасы тәуелсіз елдің арайлы таңын жерлестерімен бірге қарсы алып, өшпес айғағындай болып асқақ тұр.

Бейбарыс дарынды қолбасшы ғана емес, өз дәуірінде зәулім ғимараттар, көрнекті мешіттер, биік қорғандар мен камалдар салдырған дана басшы болды. Ғимараттардың бірқатары сақталған. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Ерекше ерлігі, асқан ақылымен құлдықтан хандыққа дейін көтерілген. Египеттей алып елді 17 жыл бойы билеп, моңғол жаулаушыларынан крест жорығын бастаушылардан жалпы араб әлемін сақтап қалған біздің ұлы бабамыз Бейбарыстың бала кезінде тұтқынға осы Атырау бойынан әкетілгені, өзінің сүйегі осындағы Беріш тайпасынан екенін көптеген тарихшылар кезінде жазып қалдырған. Мен ана жылы Мысыр еліне барғанымда Бейбарыс салдырған мешітте Құран оқыттым. Даңқты бабамызды арабтардың қалай құрмет тұтатынын өз көзіммен көрдім», – деген болатын [3].

1277 жылы Бейбарыс сұлтанды уәзірі қыпшақ Қалауын у беріп өлтірді. Сұлтан Байбарыс 1277 жылы шілденің 1-інде Димашқ қаласында қайтыс болып, аз-Заһариа кітапханасына күмбезінің астына жерленді. Оның сүйегі Дамаскідегі Баб-әл-Барид зиратына қойылды. Бейбарыс сұлтан мәмлүктер мемлекетін ірі державаға айналдырып, Мысыр мен Сирияны «кресшілер жорығы», моңғол шапқыншылығынан қорғап қалды. Жеңімпаз қолбасшы, көреген билеуші болған Бейбарыс 17 жыл Мысырда билік құрды және бүкіл мұсылман елдеріне қорған болды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2009. – 321 б.
2. Гумилев Л.Н. Қиял патшалығын іздеу: «Пірәдар Иоанның мемлекеті туралы аңыз». /аударған Ә.Жұмабаев, П.Бейсенов. – Алматы: Балауса, 1991. – 448 б.
3. Кәрімхан З. Қазақстан тарихына қатысты шетелдегі 5 ескерткіш. //e-history.kz/kz/interactive/show/23803/.
4. Қыдырәлі Д. Берке хан: Ұлыстың ұлық ұстыны. // Егемен Қазақстан, №144 (29873). – 2020. 30-шілде. – 5 б.

#### **Қырым хандығының Осман империясының ықпалына ауысуы**

Қайрғали Нұрымжан

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., профессор А. Күзембайұлы  
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Ресейдің Қырымды аннекциялауына байланысты сол елдің тарихына көпшіліктің назары ауды. Әсіресе Осман елі мен басқа да түркі халықтарының қарым-қатынасы тарих ғылымының өзекті тақырыбына айналып отыр.

Шағын мақаламыздың негізгі мақсаты бір кездегі Еуразияны билеген Шыңғыс империясының соңғы жұрнағы Қырым хандығының Қара теңіздің арғы жағасындағы Осман еліне қалайша тәуелді болғандығы тек тарихшыларды ғана емес, сонымен қатар көзі қарақты, көкірегі ояу барша қауымды ойландырады.

Түркиялық қазақ тарихшысы профессор Әбдіуақап ҚАРАНЫҢ айтуынша Қырым [1, 19-20 б.] Осман империясын Мехмед Фатих билеген тұста тәуелді болған. Осман патшаларының жетіншісі болып табылатын II Мехмед немесе Фатих Сұлтан Мехмед хан Осман мемлекетін әлемдік деңгейге көтерген хан ретінде ерекшеленеді. Ол Қазақ хандығының құрылуынан үш жыл бұрын, атап айтқанда, 1453 жылы ол кезде Константинополь аталатын бүгінгі Стамбул қаласын жаулап алды. Сондықтан Фатих жаңа дәуірге есік ашқан патша деп те аталады. «Ауни» деген лақап атпен өлендер жазған II